

Қайталама шикізатын жинау және жөндеу жөніндегі қызмет аясында бәсекелестікті дамыту, тауарлар рыногын ырықтандыру мен экономикалық өсудің алғы шартын жасау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі бірінші орынбасарының 1995 жылғы 11 мамырдағы N 7-34-р өкімі

Қайталама шикізатын жинау және жөндеу жөніндегі қызмет аясында бәсекелестікті дамыту, тауарлар рыногын ырықтандыру мен экономикалық өсудің алғы шартын жасау м а қ с а т ы н д а * :

1. "Қызылорда целлюлоза-картон зауыты", "Павлодар картон-рубериод зауыты" акционерлік қоғамдарының, Алматы, Жезқазған, Қарағанды, Орал, Теміртау, Ақтөбе, Қызылорда және Семей өндірістік-дайындаушы кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті , Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі мақұлдаған Қызылорда және Павлодар қалаларында қайталама шикізатын жинау және өңдеу жөнінде акционерлік компаниялар (акционерлік қоғамдар) құру туралы ұсынысы қабылдансын.

* Кен шығару, металлургиялық, металл өңдеу, химиялық және мұнайхимиялық өндірістердің қалдықтарынан басқа

Бағалы шикізат ретінде республика зауыттары мен фабрикаларында өңдеу үшін қайталама ресурстарын жинау жөніндегі технологиялық процестерге халықты және шаруашылық жүргізуші субъектілерді тарту аталған компаниялардың негізгі міндеті б о л ы п с а н а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және суда министрлігі Қызылорданың әкімімен және "Қызылорда целлюлоза-картон зауыты" акционерлік қоғамымен бірлесіп үстіміздегі жылдың II тоқсанында Қызылорда қаласында республиканың оңтүстік және батыс аймақтарында құрамында N 1 қосымшаға сәйкес өндірістік-дайындаушы кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдары бар "Қазақ Қағазы" акционерлік қоғамының базасында қайталама шикізатын жинау және өңдеу жөнінде құрылатын акционерлік компания қатысушыларының ұйымдастыру жиналысын өткізсін.

3. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі Павлодардың әкімімен және "Павлодар картон-рубериод зауыты" акционерлік қоғамымен бірлесіп бір ай мерзім ішінде солтүстік және оңтүстік

аймақтарда құрамында N 2 қосымшаға сәйкес өндірістік-дайындаушы кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар бар осы акционерлік қоғамының базасында қайталама шикізатын жинау және өңдеу жөнінде акционерлік компания құру жөнінде ұйымдастыру жұмысын жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті :

кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін аталған компаниялар құрамына кіретін жаңадан құрылған акционерлік компанияларына берсін, олар кейін 1995-1996 жылдары сату және сатып алу құқығын иеленетін болсын.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.25. N 507 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп қайталама шикізатын жинаумен және өңдеумен айналысатын кәсіпорындар үшін электр энергиясы мен теміржол тасымалына тарифтерді азайту мүмкіндігін

қарастырсын.

6. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың әкімдері аталған акционерлік компанияларға республика аумағында қайталама шикізатын жинау және өңдеу жүйесін дамытуға, оның мемлекеттік маңыздылығын ескере отырып, көмек көрсететін болсын.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрі
бірінші орынбасарының
1995 жылғы 11 мамырдағы
7-34 өкіміне
1 қосымша

Қызылорда қаласында қайталама шикізатты жинау және өңдеу жөніндегі құрылатын акционерлік компанияның базалық қатысушы-кәсіпорындарының

Тізбесі

"Қазақ Қағазы" АҚ (бас) Қызылорда қаласы
"Қызылорда целлюлоза-картон зауыты" АҚ
"Вторма" АҚ, Алматы қаласы
Талдықорған өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Орал өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Ақтөбе өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Қостанай өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Қарағанды өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Теміртау өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Жамбыл өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Шымкент өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Қызылорда өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Ақтау өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Атырау өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Маңғыстау өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
"Баспагер" концерні, Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрі
бірінші орынбасарының
1995 жылғы 11 мамырдағы
7-34 өкіміне
2 қосымша

Павлодар қаласында қайталама шикізатты жинау
және өңдеу жөніндегі құрылатын акционерлік
компанияның базалық қатысушы-кәсіпорындарының

Тізбесі

"Павлодар картон-рубероид зауыты" АҚ (бас)
Павлодар өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Өскемен өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Семей өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Көкшетау өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Петропавл өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Жезқазған өндірістік-дайындаушы кәсіпорны
Ақмола өндірістік-дайындаушы кәсіпорны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК